**Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшек саудада сату үшін әдейі бөлінген тұрақты үй-жайларды белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қазандағы N 29-951 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 25 қарашада N 2-1-131 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 08 желтоқсандағы № 36-1289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 08.12.2014 № 36-1289 қаулысымен. РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 14-бабы 2-тармақшасына сәйкес және Алматы облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 қазандағы "Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын баспасөз басылымдарын бөлшектеп сатудың ережелерін бекіту туралы" N 228 қаулысын (Алматы облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 2 желтоқсанда тіркелген нөмірі 1952) орындау мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшек саудада сату үшін әдейі бөлінген тұрақты үй-жайлар және олардың орналасқан жерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Талдықорған қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 қарашадағы "Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасы үшін арнайы стационарлық орындарды белгілеу туралы" N 30-1093 қаулысының (Талдықорған қаласының әділет басқармасында нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 16 карашада тіркелген нөмірі 2-1-31) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Көлбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *С. Жылқайдаров*

Қала әкімдігінің 2010 жылғы 25 қазандағы "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшек саудада сату үшін әдейі бөлінген тұрақты үй-жайларды белгілеу туралы" N 29-951 қаулысына қосымша

## Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшек саудада сату үшін әдейі бөлінген тұрақты үй-жайлар және олардың орналасқан жерлері

| | |
|---|---|
| "Қазпошта" акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалының Талдықорған қаласындағы N 5 пошта байланысының бөлімшесі | "Мүшелтой" шағын ауданы N 25 үй |
| "Қазпошта" акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалының Талдықорған қаласындағы N 8 пошта байланысының бөлімшесі | Біржан сал көшесі N 89 үй |
| "Қазпошта" акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалының Талдықорған қаласындағы N 9 пошта байланысының бөлімшесі | "Жетісу" шағын ауданы N 33 үй |
| "Қазпошта" акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалының Талдықорған қаласындағы N 10 пошта байланысының бөлімшесі | "Жастар" шағын ауданы N 13 үй |
| N 2 "Гелиос" жанар-жағар май құю станциясы | Алматы-Талдықорған тасжолының 4 шақырымы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК